

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі арасындағы жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау туралы Келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 20 шілде 1994 ж. N 822

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі арасындағы жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау туралы 1993 жылғы 22 қазанда Ұланбааторда қол қойылған Келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Келісімнің бекітілгені туралы Монғол жағын хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Монғолияның Үкіметі арасындағы автомобиль көлігімен  
халықаралық жолаушылар мен жүктерді тасымалдау туралы  
Келісім

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі,  
өзара тиімді әр тарапты қатынастардың қолайлы дамуын еске  
ала отырып,

екі ел арасындағы автомобиль қатынасын, сондай-ақ олардың  
аумақтары арқылы өтетін транзитті одан әрі дамытуға ұмтыла отырып,  
мына төмендегі жайында келісті:

Халықаралық автомобиль қатынасы үшін ашылған жолдармен, Қазақстан Республикасында немесе Монғолияда тіркелген автокөлік құралдарымен олардың аумақтары арқылы транзитпен екі ел арасында жолаушылар (туристерді қоса есептегенде) мен жүктерді тұрақты және тұрақты емес түрде тасымалдау осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

## I. Жолаушыларды тасымалдау

### 2-бап

1. Жолаушыларды автобустармен тұрақты түрде тасымалдау Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары арасындағы келісім бойынша ұйымдастырылады.

2. Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары жолаушыларды тұрақты түрде тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұсыныстарын бір-біріне күні бұрын беріп қояды. Бұл ұсыныстарда тасымалдаушының атауы, жол жүру маршруты мен кестесі, тариф, тасымалдаушы жолаушыларды отырғызатын және түсіретін аялдама пункттері, сондай-ақ тасымалдауды орындаудың белгіленген кезеңі мен тұрақтылығы жөніндегі деректер қамтылуға тиіс.

3 - б а п

1. Екі ел арасында жолаушыларды автобустармен тұрақты емес немесе олардың аумақтары арқылы транзитпен тасымалдауды, осы Келісімнің 4-бабында қарастырылған тасымалдауларды қоспағанда, жүзеге асыру үшін Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары беретін рұқсат талап етіледі.

2. Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары олардың аумақтары арқылы өтетін жол теліміне рұқсат беретін болады.

3. Жолаушыларды автобуспен тұрақты емес тасымалдаудың әрқайсысына бір рейсті сонда және кері қарай жасауға құқық беретін, егер бұдан басқасы рұқсаттың өзінде көрсетілмеген болса, жеке рұқсат берілуі тиіс.

4. Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары жыл сайын

бір-біріне жолаушыларды тұрақты емес тасымалдау үшін рұқсат бланкілерінің өзара келісілген санын беріп отырады. Бұл бланкілерде рұқсат берген құзіретті органның мөрі мен қойылған қолы болуға тиіс.

5. Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары өзара

рұқсаттардың бланкілерін алмасу тәртібін келіседі.

#### 4-бап

Бұзылған автобусы басқа автобуспен ауыстырғанда осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген рұқсаттар қажет емес.

### II. Жүк тасымалдау

#### 5-бап

1. Екі ел арасындағы немесе олардың аумақтары бойынша транзитпен жүк тасымалдау, осы Келісімнің 6-бабында қарастырылған тасымалдауларды қоспағанда, тіркемесі бар немесе оларсыз жүк автомобильдерімен немесе жартылай тіркемесі бар тягачтармен Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары берген рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады.

2. Жүктерді тасымалдаудың әрқайсысына бір рейсті сонда және кері қарай жасауға құқық беретін, егер бұдан басқасы рұқсаттың өзінде көрсетілмесе, жеке рұқсат берілуі тиіс.

3. Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары жыл сайын

бір-біріне жүк тасымалдауға рұқсат беретін бланкілердің өзара келісілген санын береді.

Бұл бланкілерде рұқсат берген құзіретті органның мөрі мен қойылған қолы болуға тиіс.

4. Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары рұқсат бланкілерін алмасу тәртібін өзара келіседі.

#### 6-бап

1. Осы Келісімнің 5-бабында көрсетілген рұқсаттар:

а) жәрмеңкелер мен көрмелерге арналған жәдігерлерді, жабдықтар мен материалдарды;

ә) көлік құралдарын, жануарларды, сондай-ақ спорттық іс-шараларын өткізуге арналған әр түрлі жабдық пен мүлікті;

б) театрлық сәнді бұйымдар мен реквизитті, музыка аспаптарын, кино түсіру, радио және телевизия хабарлары үшін қажет жабдықтар

мен керек-жарак бұйымдарды;

в) қайтыс болғандардың мүрдесі мен күлін;

г) почтаны;

ғ) бүлінген автокөлік құралдарын;

д) қайта көшкендегі жылжымалы мүлікті;

е) осы Келісімнің 7-бабына сәйкес тасымалдауға арнайы рұқсат алынған жүктерді;

ж) табиғи апат жағдайында көмек көрсетуге арналған медициналық жабдықтар мен дәрі-дәрмектерді тасымалдауларды орындау үшін талап етілмейді.

Сондай-ақ техникалық көмек көрсететін автомобильдердің жүруі үшін рұқсат талап етілмейді.

Осы бапта көрсетілген тасымалдауларды орындайтын автокөлік құралында осы автокөлік құралы тіркелген елдің тасымалдау құжаты болуға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағындағы а), ә), б) тармақшаларында көрсетілген ерекшеліктер автокөлік құралы тіркелген елге жүк қайтарылғанда немесе егер жүк үшінші бір елдің аумағына тасымалданатын жағдайларда ғана күшіне енеді.

7 - б а п

1. Егер жүксіз немесе жүкпен кетіп бара жатқан автокөлік

құралының көлемі мен салмағы екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында белгіленген нормалардан асып кетсе, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдауда тасымалдаушы екінші Уағдаласушы Тараптың құзіретті органдарының арнайы рұқсатын алуға тиісті.

2. Егер осы баптың 1-тармағында аталған рұқсат автокөлік құралының белгілі бір маршрутпен қозғалысын қарастырса, тасымалдау тек осы маршрутпен ғана жүзеге асырылуы тиіс.

### III. Жалпы ережелер

#### 8-бап

1. Тасымалдаушыға екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында орналасқан екі елді мекеннің арасында жолаушылар немесе жүктерді тасымалдауға рұқсат етілмейді.

2. Тасымалдаушы екінші Уағдаласушы Тараптың аумағынан үшінші бір елдің аумағына, сондай-ақ үшінші бір ел аумағынан екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына, егер ол осыған екінші Уағдаласушы Тараптың құзіретті органынан арнайы рұқсат алған болса, тасымалдауды жүзеге асыра алады.

9 - б а п

1. Осы Келісімде қарастырылған тасымалдауларды өз елінің ішкі заңдарына сәйкес халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыруға рұқсат алған тасымалдаушылар ғана орындай алады.

2. Халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыратын автокөлік құралдарында өз елінің тіркеу және айырмашылық белгілері болуы керек.

10-бап

Уағдаласушы Тараптардың арасында олардың аумақтары бойынша қару-жарақтарды, әскери жабдықтарды, жарылғыш материалдарды және Тараптардың ішкі заңдарымен тыйым салынған басқа да қауіпті және зиянды заттарды тасымалдауға, сондай-ақ транзитіне тыйым салынады.

11-бап

Осы Келісімде қарастырылған жүктерді тасымалдау нысаны жалпыға бірдей қабылданған халықаралық үлгіге сай келуге тиісті ұлттық нақтама қағаздар бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

1 2 - б а п

1. Автокөлік құралының жүргізушісінде өзі басқарып отырған автокөлік құралының санатына сәйкес келетін ұлттық немесе халықаралық жүргізушілер құқығы және автокөлік құралына ұлттық тіркеу құжаттары болуы тиіс.

2. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес талап етілетін рұқсат пен басқа құжаттар олардың қатысы бар автокөлік құралында болуға тиіс және құзіретті бақылау органдарының талабы бойынша көрсетілуге тиіс.

1 3 - б а п

Осы Келісімде қарастырылған жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге

асыруға байланысты практикалық мәселелер Уағдаласушы Тараптардың тасымалдаушыларының арасында тікелей реттеле алады.

Осы мақсатта тасымалдаушылар Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдарының келісім бойынша екінші Уағдаласушы Тараптардың аумағында өздерінің өкілдіктерін аша алады.

1 4 - б а п

Екі ел арасындағы жолаушылар мен жүкті халықаралық тасымалдау және олардың аумағы бойынша транзитпен тасымалдау тарифі Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдарымен келісіледі. Тасымалдаулар үшін есеп айырысулар үкіметаралық Төлем келісіміне және екі Тараптың Ұлттық банкілерінің арасында жасалған келісімге сәйкес жүргізіледі.

1 5 - б а п

Осы Келісімнің негізінде Уағдаласушы Тараптардың бірінің тасымалдаушылары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағы бойынша жүзеге асыратын жолаушылар мен жүктердің тасымалдаулары, сондай-ақ осы тасымалдауларды орындайтын автокөлік құралдары осы Келісімде қарастырылған, жолдарды пайдалануға немесе күтуге, автокөлік құралдарын иеленуге немесе пайдалануға берілетін рұқсаттарға байланысты салықтар мен алымдардан, сондай-ақ тасымалдаудан алынатын кірістер мен табысқа салынатын салықтар мен алымдардан босатылады.

1 6 - б а п

Осы Келісімнің негізінде тасымалдаулар осы тасымалдауларды орындайтын автокөлік құралының әрқайсысының азаматтық жауапкершілігін алдын ала міндетті сақтандырған жағдайда жүзеге асырылады.

1 7 - б а п

Шекаралық, кедендік және санитарлық бақылауға қатысты Уағдаласушы Тараптардың екеуі қатысушылары болып табылатын көп жақты және екі жақты халықаралық шарттар мен келісімдерде реттелмеген мәселелерді шешуде Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының ішкі заңдары қолданылады.

1 8 - б а п

Қатты ауырған адамдарды тасымалдау, жолаушыларды тұрақты түрде тасымалдау кезінде, сондай-ақ малды, тез бүлінетін жүктерді тасымалдағанда шекаралық, кедендік

және санитарлық бақылау кезектен тыс жүзеге асырылады.

## 1 9 - б а п

1. Осы Келісім негізінде тасымалдауды орындау кезінде екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына апарылатын мына төмендегі заттар кедендік алымдардан, баж салықтарынан және рұқсаттардан өзара босатылады:

а) технологиялық және конструкциялық жағынан қозғалтқышты

қоректендіру жүйесіне байланысты, автокөліктің әрбір моделіне арналған ыдыстардағы жанармай,

ә) тасымалдау кезінде пайдалануға қажетті мөлшердегі жағар материалдар,

б) халықаралық тасымалды орындайтын автокөлік құралын жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер мен аспаптар.

2. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер кері әкетілуге тиіс, ал ауыстырылған қосалқы бөлшектер тиісті Уағдаласушы Тараптың аумағында белгіленген тәртіп бойынша елден әкетілуі немесе жойылуы, немесе тапсырылуы қажет.

## 20-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімде көзделген тасымалдардың жүзеге асырылуын жеңілдететін шаралардың бәрін қолдануға тиіс.

## 2 1 - б а п

Осы Келісім бұзылған жағдайда бұзылуға жол берген елдің құзіретті органы бұзылу болған елдің құзіретті органының өтініші бойынша осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

Тасымалдаушы елдің құзіретті органы екінші елдің құзіретті органына қабылданған шаралар туралы хабар береді.

## 22-бап

Осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен

Уағдаласушы Тараптардың күзіретті органдары тікелей қарым-қатынас жасалуын жүзеге асырады. Уағдаласушы Тараптардың бірінің ұсынысы бойынша, жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған рұқсаттар жүйесіне байланысты мәселелерді шешу үшін кеңестер өткізеді, сондай-ақ берілген рұқсаттарды пайдалану туралы тәжірибе мен ақпарат алмасады.

#### IV. Қорытынды ережелер

##### 23-бап

Осы Келісімде, сондай-ақ Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын көп жақты және екі жақты халықаралық шарттар мен келісімдерде реттелмеген мәселелер Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының ішкі заңдарына сәйкес шешіледі.

##### 24-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға байланысты тууы мүмкін даулы мәселелердің бәрін келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

##### 25-бап

Осы Келісім жасалған басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Уағдаласушы Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

#### 2 6 - б а п

1. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптар оның күшіне кіруі үшін қажетті заң процедураларының әрбір елде орындалғаны туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар еткен кезде күшіне енеді.

2. Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын Атқару

және Қосымша хаттамалары қоса беріледі.

3. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалды және Уағдаласушы Тараптардың бірі оның қолданыста болуын тоқтатқысы келетіні туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа хабарлаған күннен бастап 90



күн өткенге дейін өз күшін сақтайды.

Уланбаатор қаласында 1993 жылы "22" қазанда әрқайсысы қазақ және монғол тілдерінде екі дана болып жасалды және де екі текстің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Монғолияның  
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК